

1-БЛОК: Бастауыш сынып

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөз
А) жаны ашыды
В) жарасы ашыды
С) айран ашыды
D) көзі ашыды
E) сүт ашыды
2. Жіктік жалғауы _____ байланыстырады
А) толықтауыш пен анықтауышты
В) баяндауыш пен толықтауышты
С) бастауыш пен баяндауышты
D) баяндауыш пен анықтауышты
E) бастауыш пен толықтауышты
3. Туынды сөзді табыңыз
А) Қонақшыл
В) Қонақтар
С) Қонақты
D) Қонаққа
E) Қонақ
4. Лексика нені зерттейді
А) дыбыс
В) сөз мағынасы
С) сөзді құру, біріктіру
D) сөздік
E) сөз жасам
5. Қос сөздер -
А) сөйлемде айтылған ойға сөйлеушінің көзқарасын білдіреді
В) бірнеше сөзден тұратын атаулар қысқартылады
С) екі түбірден құралады
D) екі немесе одан да көп түбірден жасалады
E) екі сөздің қосарлануы арқылы жасалады
6. Табыс септікте тұрған сөз. Нұрбол күнде күшіктеріне тамақты өзі береді.
А) күшіктеріне
В) тамақты
С) береді
D) күнде
E) Нұрбол

7. Берілген сөйлемдегі толықтауышты анықта
Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

- A) білімдіден шыққан
- B) шыққан сөз
- C) шыққан сөз, талаптыға
- D) болсын кез
- E) білімдіден, талаптыға

8. Сөйлем құрылысына қарай нешеге бөлінеді?

- A) Хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем
- B) Жалаң сөйлем, құрмалас сөйлем
- C) Жай сөйлем, құрмалас сөйлем
- D) Хабарлы сөйлем, лепті сөйлем, сұраулы сөйлем
- E) Жай сөйлем, жалаң сөйлем

9. Күрделі мүшелер

- A) әкетгі
- B) тартты
- C) салды
- D) құя салды
- E) ыржиды

10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлем

- A) Әлемде алуан-алуан құстар бар.
- B) Бүгін күн жауды ма!
- C) Атам қыстауға кетті?
- D) Сен ертемен қайда кеттің.
- E) Қуанышты қайдан іздейді.

11. _____, біз бүгін жүлдеге қол жеткізе алмадық. Осы сөйлемге сәйкес қыстырма сөзді таңдап, белгілеңіз.

- A) Әйтеуір
- B) Байқаймын
- C) Мүмкін
- D) Өкінішке орай
- E) Қалайда

12. Ойды тиянақтайтын сөйлем мүшесі

- A) толықтауыш
- B) пысықтауыш
- C) анықтауыш
- D) бастауыш
- E) баяндауыш

13. Шылау:

- A) қосымша мағына бермейді
- B) сөз бен сөзді байланыстырады
- C) бөлек жазылмайды
- D) сөз бен сөзді тіркестіреді
- E) мағынаны өзгертпейді

14. Тәуелдеулі зат есімді көрсетіңіз

- A) кірпі
- B) барғысы
- C) түлкі
- D) кісі
- E) інісі

15. Ол үшінші сыныпта оқиды.

Есімдік

- A) ол
- B) ол оқиды
- C) үшінші
- D) оқиды
- E) сыныпта

16. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөз қатары

- A) қобызшымен
- B) балалардың
- C) сазгермін
- D) досыммен
- E) ынтымағы

17. Түбірлес сөздер

- A) айна, тарақ
- B) ай, ой
- C) он, жиырма
- D) оқушы, оқы
- E) оқулық, оқушы

18. Шылаудың ережесі

- A) Түбір сөзге жалғанған қосымшаны шылау дейміз.
- B) Түбір сөзге жалғанған жалғауды шылау дейміз.
- C) Бас әріппен жазылған сөздерді шылау дейміз.
- D) Өз алдына толық мағынасы жоқ сөздерді шылау дейміз.
- E) Сөйлемдегі тұрлаулы мүшені шылау дейміз.

19. Табан астынан тауып сөйлейтін тапқыр, сөзі терең, қысқа айтылатын өнер-

- A) Мәтел
- B) Айтыс
- C) Мақал
- D) Жұмбақ
- E) Шешендік өнер

20. Мюнхаузеннің хикаяларын оқи отырып қазақ халқының қандай кейіпкеріне ұқсастығы барын байқауға болады

- A) Алдаркөсе
- B) Қожанасыр
- C) Тазша бала
- D) Шықбермес Шығайбай
- E) Жиренше шешен

21. «Алтын ұяң- Отан қымбат» деп басталатын шешендік сөздің авторы:

- A) Қазыбек би
- B) Бала би
- C) Халық
- D) Әйтеке би
- E) Төле би

22. Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген адам

- A) Төле
- B) Қазыбек
- C) Әбілқайыр
- D) Абылай
- E) Әйтеке

23. Ауыз әдебиетіне жатады

- A) «Құмыра»
- B) «Болар бала басынан»
- C) «Ересек оқушы»
- D) «Қобыланды батыр»
- E) «Күзгі қарбалас»

24. «Ақ атан шөккен жерге елді қоныстандырыңдар.» қандай шығармадан алынған үзінді

- A) «Райымбек бастауы»
- B) Райымбек батыр
- C) Наурызбай батыр
- D) Қабанбай батыр
- E) Бөгенбай батыр

25. Төле би _____ бата берген

- A) Наурызбайға
- B) Әбілмансұрға
- C) Қабанбайға
- D) Бөгенбайға
- E) Райымбекке

26. Жоңғар хандығына елшілік, мәмлегерлік жолмен үш рет барған кім

- A) Қазыбек би
- B) Әйтеке би
- C) Төле би
- D) Абылай хан
- E) Сырым батыр

27. «Толқымайтын жүрек», «тасымайтын қан», «сезбейтін сезім» тіркестері қолданылған шығарманың авторы

- A) Несіпбек Айтөв
- B) Ғұмар Қарош
- C) Ақселеу Сейдімбек
- D) Баубек Бұлқышев
- E) Оралхан Бөкей

28. «Атан түйе шөккен жер» тіркесі кімге қатысты айтылған

- A) Абайға
- B) Ыбырайға
- C) Абылайға
- D) Төле биге
- E) Райымбек батырға

29. Қайран, Қарасазым – ай! – авторын анықтаңыз

- A) М.Шаханов
- B) Қ. Аманжолов
- C) Ж.Жабаев
- D) М.Мақатаев
- E) Қ.Ыдырысов

30. «*Мынау жатқан саф мыс Трансваальден келген деп жазылыпты. Бұл - қазақ даласының қазынасы*» деген жолдар жазылған мәтін

- A) Тоқсан жолдың торабы
- B) Көкшенің кеудесінде
- C) Туған жердің тасы да танымал
- D) Қарағанды
- E) Алтай

31. М.Мақатаевтың «Отан» өлеңі қалай басталады

- A) Бәрінен
- B) Күнін сүйем
- C) Бол оның
- D) Қыбырлаған
- E) Ағынды өзен

32. «Мектеп-біздің анамыз» өлеңінің авторы

- A) Ө.Тұрманжанов
- B) С.Қалиұлы
- C) Қ.Жұмағалиев
- D) М.Мақатаев
- E) Б.Үсенбаев

33. Медеу туралы жырлаған ақын

- A) А.Сейтак
- B) Қ.Толыбаев
- C) М.Айтхожина
- D) Ж.Жабаев
- E) Ә.Тәжібаев

34. 28 жыл бойы жалғыздықтан жапа шеккен, өмірін шытырман оқиғамен өткізген кейіпкер

- A) Эрих Распе
- B) Робинзон Крузо
- C) Маугли
- D) Мюнхгаузен
- E) Даниэл Дефо

35. С.Жүнісов «Кімнің мекені жақсы?» шығармасындағы кейіпкер:

- A) Құрбақа
- B) Көбелек
- C) Қоңыз
- D) Тасбақа
- E) Балық

36. Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған шығарма

- A) Желлун Ө. «Айша айтқан ән еді»
- B) Айтматов Ш. «Атадан қалған тұяқ»
- C) Распе Э. «Дауыл»
- D) Толстой Л. «Акула»
- E) Генри О. «Соңғы жапырақ»

37. Мағжан Жұмабаев жырға қосты

- A) Бурабай
- B) Маңғыстау
- C) Алакөл
- D) Балқаш
- E) Екібастұз

38. Қанағатсыздық, жөнсіз астамшылық, қайырымдылық пен адамгершілікті сақтай алмаушылықтың неге әкеп соқтыратынын қандай шығармадан анықтауға болатындығын белгілеңіз.

- A) Ақ кеме
- B) Ерте келген тырналар
- C) Құмырадағы балақан
- D) Балықшы мен балық
- E) Тиін мен қарға

39. Бәйгеге белгіленген жердің ұзындығының төрттен бір бөлігі 5 км.

Бәйгеге белгіленген жердің ұзындығы

- A) 30 км
- B) 10 км
- C) 15 км
- D) 25 км
- E) 20 км

40. Натурал санға жатпайтын цифрды белгіле.

- A) 11
- B) 10
- C) 0
- D) 1
- E) 100

41. Шаруа қожалығы 150 га егістіктің екіден бір бөлігіне бидай, 50 га жерге арпа, ал қалғанына жүгері екті. Жүгері егілген жер ... га

- A) 50 гектар
- B) 15 гектар
- C) 35 гектар
- D) 25 гектар
- E) 75 гектар

42. Бір орамда 90 м мата бар. Оның үштен бір бөлігінен үлкен кісілерге жейде тігілді. Қалған матаның екіден бір бөлігінен кішкентай балаларға жейде тігілді. Орамда қалған матаның өлшемі

- A) 60 м
- B) 20 м
- C) 45 м
- D) 30 м
- E) 35 м

43. Жолды жөндеу жұмысына 96 т ұсақталған тас қажет болады. Жұмысшылар бірінші күні тастың үштен бір бөлігін жұмсады. Қалған тас мөлшері

- A) 40 т
- B) 20 т
- C) 64 т
- D) 30 т
- E) 10 т

44. 30 метр арқанның бестен үш бөлігі кесіп алынды. Кесіп алынған арқанның ұзындығы

- A) 18 м
- B) 20 м
- C) 16 м
- D) 15 м
- E) 10 м

45. 7 жүздік мыңдық, 4 ондық мыңдық, 8 бірлік мыңдық, 5 жүздік, 4 ондық, 3 бірліктің жазылуы

- A) 7443523
- B) 7404323
- C) 7454323
- D) 7440523
- E) 748543

46. $(a + b) \cdot 4$ өрнегіне тең болатын өрнекті көрсетіңіз.

- A) $4ab$
- B) $a + b \cdot 4$
- C) $4a+4b$
- D) $4b + a$
- E) $a \cdot 4 + b$

47. Қосудың үлестерімділік қасиеті

A) $(a+b) \cdot c = a \cdot c + b \cdot c$

B) $(a+b) \cdot c = a + b + c$

C) $(a+b) \cdot c = a \cdot c + b \cdot c$

D) $(a+b) \cdot c = a \cdot c + b + c$

E) $(a+b) \cdot c = a - c + b - c$

48. Жүздіктермен санау жүйесі:

A) Он

B) Мың

C) Жүз

D) Отыз

E) Жетпіс

49. Кесіндінің $\frac{1}{3}$ бөлігі 12см-ді құрайды. Кесіндінің ұзындығы :

A) 34см

B) 30см

C) 32см

D) 33см

E) 36см

50. Санды разрядтық қосылғыштарға жіктеніз

A) $9687 = 9687$

B) $9687 = 9000 + 600 + 80 + 7$

C) $9687 = 9000 + 60 + 80 + 7$

D) $9687 = 9000 + 687$

E) $9687 = 9600 + 87$

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. 2 сыныпта емлесін үйренетін дауыссыз әріптер :

- A) б, в
- B) я, и
- C) к, г
- D) л, р
- E) б, п
- F) н,ң
- G) и, й
- H) ы, ұ

52. Дауыссыз дыбыстардың түрлері

- A) жіңішке
- B) жуан
- C) ұяң
- D) езулік
- E) еріндік
- F) қатаң
- G) үнді

53. Марафонға 169 адам қатынасты. Оның 62-сі-ерлер, ал әйелдер олардан 2 есе кем. Қалғандары – балалар. Марафонға қанша бала қатынасқанын тауып белгілеңіз.

- A) 67 бала
- B) 47 бала
- C) 134 бала
- D) 86 бала
- E) 76 бала
- F) 75 бала

54. Есепті шығару жолдары

Дүкенде екі күнде 80 жейде сатылды. Сатылған жейделерден бірінші күні 24000 тг, ал екінші күні 14400 тг түсті. Әр күні неше жейде сатылғанын анықта: *Есептің шешулері*

- A) $14400 : 120$
- B) $(24000 - 14400) : 80$
- C) $24000 : 120$
- D) $24000 : 480$
- E) $14400 : 480$
- F) $(24000 + 14400) : 80$
- G) $50 + 30$

55. $5\ 5\ 5\ 5=50$

- A) $\cdot, +, -$
- B) $-, +, -$
- C) $\cdot, +, \cdot$
- D) $\cdot, +, +$
- E) $;, +, \cdot$
- F) $-, +, \cdot$
- G) $\cdot, ;, \cdot$
- H) $\cdot, -, \cdot$

56. $(864+159)\cdot 28+18258$ өрнектің мәні

- A) 46096
- B) 46009
- C) 28647
- D) 46902
- E) 46920
- F) 46906

57. 160° бұрыш – бұл бұрыштың қай түріне жататынын көрсетіңіз.

- A) сүйір бұрыш
- B) тік бұрыш
- C) үшбұрыш
- D) доғал бұрыш
- E) жазық бұрыш
- F) үшкір бұрыш

58. Тік бұрышты параллелепипедтің қырлары 4см, 8см, 12см көлемі

- A) 384 см^3
- B) 22 см^3
- C) 144 см^3
- D) 24 см^3
- E) 34 см^3
- F) 44 см^3

59. 14 санының квадраты мен кубы

- A) 2745
- B) 2744
- C) 2845
- D) 2844
- E) 196
- F) 194
- G) 218
- H) 178

60. 560 санының квадраты мен кубы

A) 313 500

B) 313 600

C) 3 136 000

D) 17 571 600

E) 175 715 000

F) 175 616 000

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Таңертең жұмысқа шыққан адам кептеліске тап болып жұмыстан кешігіп жатты, кептелісте тұрып уақытты жоғалтпау үшін ол метро эскалаторымен төмен қарай жүгірді. Төмен қарай түсіп келе жатқанда, ол 2 баспалдақты бір секунд жылдамдықпен жүре отырып, жүз қырық басқышты санап шықты. Арада бір күн өткеннен кейін тағы да осындай жағдай қайталанып, оған жұмыстан көп уақытқа кешігіп қалатын қаупі төнді. Ол метроға келіп алдында жүріп өткен эскалатормен үш баспалдақты бір секундта жүгіріп, ол жиырма сегіз баспалдақты артық санады.

Ең қызықтысы қанша жылдам жүгірсең, эскалатор соншалықты ұзын болады екен. Жұмыстан кешікпеу үшін не істеу керек?

61. Эскалатордағы баспалдақтар саны

- A) 140
- B) 280
- C) 168
- D) 224
- E) 210

62. Адамның жүгіру жылдамдығы

- A) 5 басқыш/с
- B) 3 басқыш/с
- C) 1 басқыш/с
- D) 4 басқыш/с
- E) 2 басқыш/с

63. Адамның эскалатордан бірінші жағдайда жүгіріп түсуіне кеткен уақыт

- A) 56 с
- B) 70 с
- C) 64 с
- D) 80 с
- E) 46 с

64. Жылдамдықтың формуласы

- A) $S = V : t$
- B) $V = S : t$
- C) $t = S : V$
- D) $S = V \cdot t$
- E) $V = S \cdot t$

65. Уақытты табу үшін

- A) қашықтық пен жылдамдықты көбейту керек
- B) жылдамдықты қашықтықта бөлу керек
- C) жылдамдықты уақытқа бөлу керек
- D) қашықтықты уақытқа бөлу керек
- E) қашықтықты жылдамдыққа бөлу керек

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Ерте заманда адамдардың болашағын болжап айтып беретін бір данышпан өмір сүріпті. Оның аты Қорқыт екен. Ол көп саяхат жасаған, көпті көрген және көп білетін адам болады. Жаманды да, жақсыны да көреді, бәрін бүге-шігесіне дейін түсінуге, біліп алуға тырысады. Бірақ өмірде оны бір ой қатты толғандырады. Бір күні Қорқыт түс көреді. Түсінде ол мола қазып жатқан адамдарды көреді. Адамдарға жақындап не қазып жатқанын сұрайды. Адамдардың жауабынан Қорқыт селк ете түседі. Келесі күні жердің басқа жеріне сапар шегеді. Ол Бетпақдаланың сусыз шөлімен, Сарыарқа төсімен саяхат жасайды, бірақ қайда барса да алдынан өзіне арнап қазылған көрге кездесе береді. Ойлана отырып, Қорқыт бір ұйғарымға тоқтап, еліне қайтып оралады. Қорқыт еліне оралған соң түсінде: «Сен «өлім» деген сөзді ауызға алған кезде ажалынды табасың» аян береді. Көп уақыт өтеді. Бірде оның өгізшесі байлауынан үзіп қашып кетеді. Қорқыт ашу үстінде: «Өліп қалайын, бірақ іздеп тауып аламын», -деп, өгізшені іздеуге аттанады. Айтады да, өкініп қалады. Оған ажал төніп келген соң қорытынды шешім қабылдайды. «Тезірек бұл жерден кету керек, деп желмаясына мініп ұзақ саяхатқа шығады. Ол өзінің ұзақ саяхаттары кезінде қорытқан ойлары жөнінде тоқтаусыз жырлайды. Оның жырларын құстар ұшуын тоқтатып тыңдайды, жел соғуын доғара қойып тыңдайды. Сарыарқаның аң-құсы оны тыңдау үшін Сырдарияның жағасына келеді. Тіпті өзеннің өзі қобыз үнін тыңдау үшін оқтын-оқтын ағысын тоқтатады екен. Қорқыт мөлдір суға қадала қарап, қобыз күйін тоқтатпай тарта береді. Ажал да Қорқыттың жанға жайлы күйлеріне құлақ салған қалпы жүрегіне жылы тиген жылы әуенді үзуден жасқанып, арбалған күйінде тұрып қала береді. Қорқыт өліммен осылай күреседі. Сөйтіп бірде тынымсыз күрестен шаршаған әрі қажыған қарт қалғып кетеді. Сол-ақ екен, оны аңдып жүрген ажал улы жыланға айналып, қартты шағып өлтіреді.

66. Қорқытты толғандырған ой:

- A) кедейлік туралы
- B) бақыт туралы
- C) байлық туралы
- D) ажал туралы
- E) бақытсыздық туралы

67. Қорқыт ажалдан құтылу үшін:

- A) туған жерден алыс кетті
- B) саяхатқа шықты
- C) тынымсыз күй тартты
- D) күй шығарды
- E) өлең жазды

68. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал

- A) «Білімсіз өмір жоқ»
- B) «Еңбектің түбі рахат»
- C) «Ажал-аяқ астында»
- D) «Өлімнен қашып құтыла алмайсың»
- E) «Ашу-дұшпан, ақыл-дос»

69. Тынымсыз күрестен шаршаған әрі қажыған қарттың өлімі:

- A) қасқыр талап өлтірді
- B) өзенге шөгіп кетті
- C) желмаясынан құлап түсті
- D) ажал улы жыланға айналып, қартты шағып алды
- E) өз ажалымен қайтыс болды

70. Қорқыттың өмір сүрген уақыты:

- A) VІІ-VІІІ ғасыр
- B) VІ-VІІ ғасыр
- C) XІ-XІІ ғасыр
- D) VІІІ-ІХ ғасыр
- E) X-XІ ғасыр

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.